

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Жуалы ауданының білім бөлімінің «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
нәтижелерін жария талқылау
ХАТТАМАСЫ**

Бәйтерек ауылы

29.12.2025 жыл

Өткізілген орны: Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Ақтөбе ауылдық округі, Бәйтерек ауылы, Ақбастау көшесі № 2В.

Қатысқандар: Ішкі талдау жүргізу жұмыс тобының құрамы, бөбекжай-бақшаның педагогикалық және кіші (техникалық) қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы таңдамалық анықтаманы жария талқылау.

Тыңдалды: «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі С.Сабденалиеваның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтамасы.

Сөз сөйледі: Меңгеруші Сабденалиева Сабира Сарсенбековна Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚР заңының 8-бабының 5-тармағына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына және «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының 2026 жылғы 05 қаңтардағы №5 бұйрығына сәйкес «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін басшылыққа ала отырып, 2026 жылдың 09 қаңтары мен 09 ақпан аралығында 2025 жылдың маусым және желтоқсан айларына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетінін хабарлады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің атауы: «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы» Жуалы ауданының білім бөлімінің «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды анықтау;
- 2) Мүдделер қақтығысын зерттеу;
- 3) Мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жұмыс тобы:

Құрамы 2026 жылғы 05 қаңтардағы №5 бұйрығына сәйкес құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең: 2025 жыл.

Масс-медияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталғаны туралы хабарландыру 2026 жылдың 08 ақпанында, яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын жарияланды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау күні туралы хабарландыру масс-медияда 2026 жылдың 16 ақпанында, яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей жарияланды.

Анонс сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін талқылау бойынша жұртшылықты хабардар ету үшін жүргізіледі.

Іс-шара яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау және жұртшылықтан кері байланыс алу үшін өткізілетінін айтты.

ШЕШІМ:


1. Жария талқылау хаттамасы масс-медияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау аяқталғанға дейін жариялансын.

Төрайым:



С.Сабденалиева

Хатшы:



А.Абдиева